

ШЫНДЫҚТЫ ІЗДЕУ

Л.М. АБДАЛЛА

© Абдалла Л.М.
Шындықты іздеу

Үзінділер Киелі Кітаптан алынған:
Таурат, Пайғамбарлар жазбалары,
Забүр және Інжілден. -2-ші басылым, 2009

Полиграфия, Улаан-Баатар, 2017ж.

ISBN 978-91-977327-5-8

КІРІСПЕ

<i>Ахмет пен Хамит</i>	5
<i>Құрбандық тоқтысы</i>	9
<i>Жаратқанның Сөзі</i>	15
<i>Құдайдың құрбандығы</i>	19
<i>Күнә</i>	26
<i>Ыбырайымның ұлы</i>	33
<i>Құдай Тағала бір</i>	41
<i>Құдай және адам</i>	51
<i>Қосымша</i>	63

Ахмет пен Хамит

Ахмет кішігірім кеңседе жұмыс істейтін. Егер ол өзінің жұмыс орнына көңілі аса толмайтын десек, дұрыс болмас еді. Бірақ оған жұмыс орнындағы кеңсе бөлімінің бастығымен жұмыс қызметінде уйренісіп кетуге оңай болмады. Өйткені Ол Ахметке жұмыс барысында өзінің шынайы қабілетін көрсетуіне ешқашан жол бермейтін. Кеңсе бөлімінің адамдары жетістікке немесе алдына қойған қиын жоспарларды іске асырған кезде, әдетте бастығы бүкіл жұмысшылардың атақ - құрметін өзінің мәртебесіне иемденіп алатын.

Ахмет бірнеше рет өзінің жұмыс орнын ауыстыруы жайлы ойланып жүретін. Бірақ тіршілік ету үшін, сол уақытта жақсы жұмыс орнын табу оңайға соқпайтын. Сонымен қатар, оған ұсынған еңбек жалақысы өзінің жұмыс орнындағы алып жүрген жалақысынан әлде қайда төмен болатын. Ахмет әйелі мен үш баласын асырағандықтан, ақша ол үшін маңызды болды.. Ол өзінің балаларын өте қатты мақтан тұтатын, әсіресе үлкен ұлы Хасанды- ол жоғарғы оқу орнында инженер мамандығына оқып жүрген болатын.

Бір күні Ахмет кеңседе жұмыс істеп жүргенде, күтпеген жерден оның жағдайы жақсы жағына қарай өзгере бастады, - өйткені оның жұмысында жаңадан келген қызметтес адам пайда болды. Ол Ахметтен сәл жасырақ және әрқашанда көңілді күйде, сонымен қатар араласуға ашық жігіт болатын. Енді Ахметте жұмыс орнында дос пайда болды! Олар бірге түскі тамақ ішіп, жұмыстан кейін бірге уақыт өткізетін. Хамит от басын құрған, Жаратқанның батасымен төрт баланың - яғни екі ұл мен екі қыздың әкесі етін. Арада ұзақ уақыт өтпей Ахмет пен Хамит жақын дос болып, бір-бірінің үй ішімен араласа бастады. Оларға бірге дастархан басында кездесіп әңгіме-дүкен құрғанды қатты ұнататын! Олар ұзақ сағат бойы әр-түрлі тақырыпқа байланысты әңгімелерді айтып отыра алатын. Бастапқыда олардың әңгімесі жұмысқа қатысты болса, ал уақыт өте олардың тақырыбы көбірек әр-түрлі өмірдің қиындығы мен маңыздылығы жайлы сөйлесетін болды. Екеуінің дінге байланысты көз қарастары бір болғанменде, сенімге қатысты айырмашылықтары бар етін.. Ахмет ислам дінін ұстанушы, дәстүрлі мұсылман етін, ал оның досы Хамит әрқашан Таурат, Пайғамбарлар жазбалары мен Забур және Інжіл

кітабын оқитын Иса Мәсіхтің шәкірті¹ болатын. Осы нәрсе Ахметті қатты таң-қалдыратын, ол неғұрлым Хамитті жақынан таныған сайын, оның Жаратқанға деген сенімі мен өміріне деген қатты сый-құрметпен қарайтын болды. Ахмет досына қарап бір түсінікке келгені - досының Жаратқан Иемен тығыз байланысын көріп, өзінің ешқашан солай сезінбегені оны қатты қызықтырды. Хамиттің Жаратқанмен деген қарым-қатынасы Мәсіхке байланысты екенін- Ахметті қатты ойландырды.

Ол өзі де Мәсіхке сенгенде, басқаша қабылдайтын. Ахмет Құранда Мәриямның ұлы Иса туралы жазылғанның бәріне сенетін.

Ол Құрандағы Мәсіхті терең құрметтейтін. Мәсіхтің дүниеге пәк қыз Мәриямнан туылғанын, Алланың құдіретімен көптеген ғажап кереметтер жасағанын және Інжілде Ол туралы не жазылғанның бәрін естіген етін. Сол кезде Ахмет тек Мәсіхтің өмірі туралы аз ғана мәлеметтердің білетінін түсініп, Алланың жіберген Ұлы Елшісі

¹ Мәсіхтің мағынасы «Майланған» («белгіленген»)дегенді білдіреді. Көне Израиль заманында Патша патшалыққы тағайындалған кезінде оны майлау (зайтүн маймен) рәсімінен өткізетін. Исаның кезінде халық мәсіхтің келуін асыға күтетін. Пайғамбарлар кітабына жазылғандай Мәсіх (яғни Әділ Патша және Азат етуші) әуіт патшаның ұрпағынан келіп, халықты құлдықтан азат етіп Өзінің мәңгі және әділ Патшалығын құру керек еді.

(расул) туралы көбірек түсінік алу үшін, Мәсіхтің кім екенін білуге Ахметтің үлкен құштарлығы мен қызығушылығы пайда бола бастады. себебі оған, тіпті Құранның өзінде көптеген есім берілген!

Ақырында бір күні әуестігінен жеңілген Ахмет өзінің досы Хамиттен Мәсіх жайлы бүкіл егжей-тегжейін сұрастыруға шешім қабылдады. Осы шешім ары қарай көптеген қызық әңгімеге жол ашты.

Құрбандық тоқтысы

- Маған Мәриямның ұлы Иса туралы айтып берші- деп байыппен Ахмет сұрады.

- Ол туралы көбірек білгім келеді.

Хамит біраз ойланып, былай деді:

- Егер Мәсіхтің осы дүниеге не үшін келегенін білгің келсе, алдымен құрбандықтың мағынасын түсіну қажет.

- Құрбандық? Онымен не айтқын келіп тұр?- деп Ахмет сұрады.

Хамит жауап берді:

- Құрбан-айт (Ид-Аль-Атха) үлгісіне қарайтын болсақ, құрбандықтың мағынасын түсінеміз. Сен білесің ғой, осы мейрам Жаратқан Алла Ыбырайым пайғамбарымызға өзіңнің ұлынды құрбандыққа шаласың деп бұйрық берген кезден бастап тойланатынын. Егер Ыбырайымның ұлының орнына Жаратқан Құдай Тағала, басқа құрбандықты (фида) бермеген кезде онымен не болар еді?

- Ыбырайымның ұлы өлер еді, - деп Ахмет жауап берді.

- Міне осында біз құрбандықтың мағынасын түсінеміз,- деді Хамит.

- Біреудің орнына басқа біреудің өлуі. Жаратушы Құдай Тағала сол ұлдың орнына тоқтыны құрбандыққа берді. Ыбрайымның ұлы сияқты менде дәл сол жағдайда тұрмын,- өлім билігінің астында.

- Осымен не айтқын келіп тұр? - ынғайсызданып Ахмет сұрады. Хамит байсалдықпен жауап берді.

- Киелі кітапта, яғни Інжілде жазылғандай:

Күнәнің беретіні - (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы- Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір.(1)

Менің күнәмнің құны - ол өлім. Мен күнәкармын.

Басқа адамдардың алдында мүмкін мен әділ адам боп көрінетін шығармын, өйткені мен күн сайын сиынамын, Жаратқанның Сөзін оқып, Оған қызмет етемін. Бірақ Жаратқанның алдында мен күнәкармын. Жаратқанның алдында еш кемелсіз таза бірде-бір адам бар ма?-деп Хамит сұрады.

- Жоқ! -деп жауап қайтарды Ахмет. - Кемелсіз тек жалғыз ғана Құдай.

- Олай болса Оның алдында барлығы күнәкар, шын ғой?-деп Хамит сұрады.

- Әрине, солай- деп Ахмет келісті.

- Сол себептен мен дәл Ыбырайымның ұлы тәрізді сол жағдайда тұрмын- яғни өлім билігінің астында. Бірақ менім күнәмнің өтейтін құрбандық қайда? Жаратқан Құдай менің құнымды өтейтін құрбандықты жібермеп пе ді?- деп Хамит сұрағын жалғастырды.

Ахмет не жауап қайтарын да білмеді. Хамит жалғастырып:

- Мәсіхпен бір уақытта тұрған Закәрияның ұлы Жақия пайғамбар, Оны алғаш рет көрген кезде былай деді:

Қарандар, Мынау-Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы»! Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды.(2)

Мәсіх жай адамның тоқтысы болған жоқ. Ол Құдайдың Құрбандыққа жіберілген Тоқтысы болды. Ол жаратушы Құдайдан Тағаладан келген. Ол Көктен келген. Жаратқанның Рухы (Алланың Рухы) Мәриямға (Мәриям Аль-Атра) саясын түсіріп, ол құрсақ көтеріп бала туды. Өзің білгендей, Оның атын: Мәриям ұлы Иса, Құдайдың Сөзі (Калиматула) және Құдайдың Рухы (Алланың рухы). Ол өте пәк етін. Ол көктен Құдайдың Құрбандық Тоқтысы ретінде келген. Құдайдың алдында таза және кемелді өмір сүрген Мәсіх, Өзінің нағыз шынайы - Құрбандық Тоқты

екенің дәлелдеді. Оған ешқашан: «Жаратқан Ием кешірім сұраймын (Астаферь-Алла Аль-Азим)» деген сөзді айтқан емес, өйткені Ол Өзі нақ Жаратқанның таза Құрбандақ Тоқтысы болды. Құдайдың Тағаланың Құрбандық Тоқтысы ретінде, осы әлемнің күнәсін Өз мойнына артуға келгендіктен, Ол құрбандыққа шалыну қажет болған. Дәл сол нәрсе, Ол өмірін өлімге өз еркімен қиған кезде іске асты. Бірақ Ол өлімнен қайта тірілді. Ол тірідей көкке көтеріліп кетті. Дәл солай Ол бір күні осы әлемге қайтып келеді.

Хамит біраз үндемей тұрып, Ахметке қарап былай деді:

- Мен дәл Ыбырайымның ұлы сияқты, - өлімнің қол астындамын. Бірақ Мәсіхтің, яғни таза Құрбандық Тоқтының арқасында, менің күнәмнің өтемін төлейтін құрбандық бар. Осы Тоқтының арқасында Жаратқан біздің барлық күнәмізді кешіріп, жанатта мәңгілік өмір сүруімізге мүмкіншілік бергісі келеді. Мәсіх бүкіл адамзаттың күнәсін Өз мойнына артқандай, сенің де күнәнді Ол артты, Ахмет.

Ахмет ұзақ үндемей ойланып отырды. Біраз уақыттан соң ол былай деді:

- Егер Мәсіх Өз мойнына бүкіл әлемнің күнәсін артса, онда мен өлмеуім керек... Және сол себептен мен мәңгілік өмірге иемін.

- Ахмет,- деді Хамит,- ойлап көрші, сенің туған күнің делік, және Мәсіх есікті қағып тұр. Ол сыйлықпен бірге саған: «Ахмет, Мен саған сыйлық ұсынғым келеді, оның ішінде- күнәға кешірім, мәңгілік өмір және бүгіннен бастап Жаратқан Иемен тірі қарым-қатынас». Бірақ сен ол үшін: Тәубеге келіп, күнәларыңды мойындап, сен үшін берілген Менің құрбандығым арқылы кешірімге ие бол. Егер сен осы сыйды қабыл алсаң, ол сенікі, ал қабылдамасаң - жоқ.

Оның сол сәтте айтқан сөзі, Ахметті қатты ойландырды.

- Мүмкін, сен осы айтылған мысалды бір түрлі деп ойлап тұрған шығарсың? - деді Хамит. Алайда, әрдайым қандайда бір Қудайдың қызметшісі, Иса Мәсіх арқылы Жаратушыға баратын жолды түсіндіргенде, ол өлімнен тірілген Мәриямның ұлы Исаның дәл Өзі жүректің есігін қаққанмен бірдей, соны Ол Інжілде бізге айтады:

Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге

«дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады.(3)

Хамит сөзін жалғастырып:

- Мәсіхке жүрегіңнің есігін ашып Оны өз өміріңе шақыру, сенімен бірге дастархандас болып, қарым-қатынаста болуы - бұл Жаратқанның әрбір адамға бергісі келетін сыйын қабылдағанмен бірдей.

- Сен білесің ба, Хамит- деп Ахмет айтты,- қазір Мәсіх туралы айтқанның бәрі, маған қатты әсер етті. Мен осы естігенім туралы ойлануым керек, бірақ келесі жолы кездескенімізде бұданда көбірек естіп білгім келеді.

Құдайдың сөзі

- Өткен жолы Мәриям ұлы Иса жайлы айтқаның, маған ойланып-толғаныума көп ой салды,- деп Ахмет ақырындап әңгімесін бастады. - Алдымен екеуіміз Мәсіх туралы әңгімені бастамас бұрын, мен бірнеше сұрақтарыма жауап алғым келіп тұр.

- Әрине,- деп Хамит жауап берді, Ахметтің не туралы айтқысы келетінің алдын-ала болжап білгендей.

Ахмет ақырындап бастады:

- Сен білесің, біз мұсылмандар, көктен түскен кітаптарға сенеміз:ол Таурат (Мұсаның бес кітабы), Зәбүр (Дәуіттің жырлары), Інжіл (Иса туралы қуанышты хабар) және Қасиетті Құран. Бірақ мені үйреткендей, Құраннан басқа кітаптардың барлығын еврейлер мен мәсіхшілер өзгертіп тастаған, бұған қоса олардың өзгерткені соншалық, тіпті соның ішінде жазылғанға сүйенуге болмайды. Сен сенетін Киелі кітап бұрмаланған (мохарраф) және де ол шындық пен өтіріктің аралас қоспасын білдіреді.

- Ал сен осыған қатысты қандайда бір дәлел келтіре аласыңба?- деп сұрады Хамит.

Ахмет біраз ойланып қалдыда, таңырқай қарап, өзінің негізсіз пайымдауларынан басқа, бұл жайында ешқашан естімеген екендігін байқады.

Хамит әрі қарай сөзін жалғастырып:

- Айтшы, бұрмаланған деген болжам қай кезде пайда болды және қалай оны жүзеге асыруға болар еді?

- Түсінсем болмас, - деп Ахмет ыңғайсызданды - Мұндай маңызды сұрақтарға маған ешкім ешқашан жауап бермеген.

Біраз үнсіздіктен кейін Хамит былай деп сурады:

- Ал сен Құранды біреу өзгертті деп, елестете аласынба?

- Асстафер Алла (Құдай сақтасын!)- Ахмет жағасын ұстады. - Ол мүмкін емес, сенуші адамдар ешқашан ешкімге осындай ниетпен Құранға қол тигізуге мүмкіншілік бермес еді.

Хамит жауап қайтарды:

- Онда неге сен біздің Тауратқа, Пайғамбарлар жазбаларымен Забур және Інжілге басқаша қарайды деп және сонымен қатар шынайы сенушілер басқа біреуге Киелі кітапты бұрмалауға жол береді деп ойлайсың? Мен, көк пен жерді жаратқан Құдіретті Күшті Құдайға

сенемін. Ол адамдарға Өз Сөзін бердігендіктен, Өзінің Сөзін сақтап қалу Оның билігінде емес па?

Хамит Ахметке тікелей қарап:

- Барлық нәрсе Құдайдың еркімен болып жатқанына сенесің ба?

- Ия,- деп жауап берді Ахмет.

Хамит сөзін жалғастырып:

- Онда сен шынымен де Құдайдың бастапқыда әлемге Өз Сөзін жіберіп, ал кейін Оны өзгертуге жол бергеніне сенесің ба? Сонда Құдай Өз Сөзін сақтап қалуға күші мен құдіретінің жетпегені ма?

- Әрине, Құдай Өз Сөзін сақтап қалуға құдіретті, - деп Ахмет келісті.

- Хамит сонда, Білесің бе Ахмет, - Киелі кітап - бұл керемет кітап; оны шамамен 1400 жылдай жазған! Оның ішіндегі Таурат (Мұсаның бес кітабы), Забур (Дәуіттің жырлары), Інжіл (Иса туралы қуанышты хабар) және көптеген кітаптар Құдайдың пайғамбарлары арқылы жазылған. Таурат, Пайғамбарлар жазбасы және Забур, Мәсіх туылмай тұрған заманға дейін жазылған, ал Інжіл Мәсіхтің осы дүниеге келгенінен бастап баяндап жазылған. Киелі кітап үш түрлі тілде жазылған.

- Қандай?- деп Ахмет қызуғышылық танытты.

- Көне еврей, арамей және грек тілінде -деп, жауап берді Хамит. - Құдай Өз Сөзін беру үшін әртүрлі адамдарды қолданды мысалы: сұлтандар мен ақ сүйектерді, бақташы мен балықшыларды. Киелі кітап ол Құдайдың нағыз кереметі, өйткені ол көптеген ғасырлар бой жазылып және сол уақыттарда әр-түрлі адамдар жазсада - ол өзінің бір тұтастығын жоғалтпады. Бүкіл Киелі кітап арқылы айтылатын бір тақырып - ол «Мәсіх» - деді Хамит Ахметке қарап.

- Сонда 1400 жылдың ішінде Құдай Мәсіх туралы айтқан ба? - таңқалып Ахмет сұрады.

- Ахмет,- деп Хамит күлімсіреді, - Құдай Мәсіх туралы бүкіл тарих бойында ғана емес, осы күнге дейін айтып келеді.

- Осы мүмкін ба?- деп Ахмет күмәнданды.

- Әрине, Құдайға мүмкін емес ешнәрсе жоқ, - деп жауап берді Хамит. - Бірақ осы туралы біз келесі жолы кездескен кезде сөйлесейік.

- Жақсы, мен асыға күтемін,- деді Ахмет.

Құдайдың құрбандығы

- Қызық екен, қалайша Мәсіх бүкіл Киелі кітаптың негізгі тақырыбы бола алады?- деп Ахмет сұрады.

- Есінде ма, біз өткен жолғы әңгімемізде Мәсіхтің біздің күнәмізді Өз мойнына алған Құдайдың құрбандық Тоқтысы екені туралы сөйлескенбіз? - деп сұрады Хамит.

- Әрине, оны қалайша ұмытамын,- жауап қайтарды Ахмет.

- Құдай бүкіл тарих бойы, Мәриям ұлы Исаның дүниеге келуіне дейін құрбандық туралы үйретіп келген,- деді Хамит.

- Сонымен не демексің?- деп сұрады Ахмет.

- Қабыл мен Әбілдің заманында қанша адам өмір сүрді?- сұрады Хамит.

Ахмет сұраққа таңғалғанмен, жауап қайтарды:

- Төртеу: Адам ата, оның әйелі Хауа, Қабыл мен Әбіл.

- Тек төртеуі, - деді Хамит. - Олар Құдайға тек құрбандық арқылы табынуға болатынын білді, бірақ қалай олар осыны біле алды?- Хамит сұрады да өзі жауабын қайтарып:

- Шын мәнісінде олар, Құдайдың таза және киелі екенін, ал адам - күнәһар және күнәнің құнын өтейтін құрбандықтың керектігін білді.

Нұһ пайғамбар Құдайға құрбандық арқылы табынған; Ыбырайым пайғамбар да - дәл солай құрбандық арқылы, Мұса пайғамбар, Дәуіт және Исаның елшілері мен барлық пайғамбарлар Құдайға құрбандық әкеліп табынған. Сен білесің ба, мен де Құдайға дәл сол тәрізді табынатынымды?

- Жоқ, қазір сен қалжындап тұрған шығарсың,- деді Ахмет. - Сен малды құрбандыққа шалу үшін, базарға барып қойды сатып алмайтын шығарсың - деп жарқын күліп жіберді Ахмет.

- Мен Құдайға Мәсіх, яғни Құдайдың Құрбандық Тоқтысы арқылы табынамын, Ол менім күнәм үшін құрбан болған,- деп Хамит жауап берді. - Інжілде жазылғандай:

Құдай - біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасындағы Келістіруші де Біреу, Ол - адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх. Бәрін күнәнің құлдығынан босату үшін Мәсіх жанын құрбан етіп, соның төлемін өтеді. Бұған дер кезінде куәлік берілді. (1)

Тек бір ғана Құдай бар және Құдаймен адамдар арасын Келістірушіде біреу - Иса Мәсіх

және бәрін күнәнің құлдығынан босату үшін Өз жанын құрбан етті, тіпті сен үшін де, Ахмет. Бүкіл тарих бойы және қазіргі уақытқа дейін, адамзат тірі Құдайға құрбандық шалу арқылы табынып келген.

- Мен сені түсініп келе жатқан сияқтымын, бірақ маған толық түсінік алу үшін оның егжей-тегжейін зерттеуім керек сияқты. - деді Ахмет, естіген әңгімесіне қатты ойланып.

Хамит ойланып, былай деді:

- Құдай құрбандықтың мәні мен мағынасын тарих бойы ашып келген, әсіресе Таураттағы Мұса пайғамбар арқылы (Мұсаның бес кітабы). Заң туралы ілім (Аль-Шария) күнәнің құның өтеу құрбандықтың мағынасы, Жазбадағы мына аяттардан түсінуге болады:

Таурат заңы бойынша бәрі дерлік қанмен тазартылады. Қан төгілмей, Құдай күнәні кешірмейді (2)

- Бірақ осы құрбандық туралы ілім қалай Мәриям ұлы Мәсіхпен байланысты? - деп Ахмет қызығушылығын танытты.

- Міне, былай болған - деді Хамит. - Құрбандық туралы іліммен қатарлас, пайғамбарлар Мәсіх туралы көптеген пайғамбарлық сөздерді жариялаған. Осы

пайғамбарлық сөздердің ішінде, алдын ала айтылғандай, Мәсіх дүниеге келген кезде, Ол біздің күнәміздің құнын өтеу үшін Өзін құрбандыққа береді.

Хамит Киелі кітапты алып, Ахметке ашып көрсетті:

- Міне, өзін қара, Мәсіхтің қалай құрбандыққа шалынатыны жайлы, Оның дүниеге келмей тұрып шамамен 700 жыл бұрын Ишайя пайғамбар алдын-ала толық жазып кеткен:

Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. Оның ұрылып, азап шегуін Құдай бұйырған жаза деп ойладық! Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық. Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты.

Ол зорлық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады. (3)

Ахмет пайғамбарлық сөздерге қатты тамсанып, таңырқап сұрады:

- Шынымен, осы Мәриям ұлы Мәсіхтің, дүниеге келмей тұрып, көртеген ғасырлар бұрын жазылып кеткен сөзі ма?

- Әрине,- деді Хамит. - Пайғамбарлық сөзге сәйкес, Мәсіх Дәуіт патшаның ұрпағынан шығуы тиіс болатын. Дәуіт, Мәсіхтен 1000 жыл бұрын өмір сүрген, өзінің болашақ ұрпағы - Мәсіхтің қалай айқышқа шегеленіп өлетіні жайлы дәлмедәл сипаттаған. Сен білесің, айқышқа шегелеп өлтіру өте жай және азапты өлім жазасы болатын. Біраз уақыттан соң, айқышқа шегеленген адамдардың сүйегі буындарынан босап; оның үстіне олар адам төзгісіз шөліркеуден қатты қиналатын. Зәбурде жазылғандай:

**Күшім судай төгіліп, таусылды құрғап;
сүйектерім буынынан қалды босап. Кеудемде
жүрегім балауыз құсап: әбден балқып,
елжіреп кетті босап.Қыш құмыраның
сынығына ұқсап; күшімнен айырылып
қалдым қурап; тілім қалды таңдайыма
жабысып, өлім топырағына бердің мені қиып!
Төбеттердей жан-жақтан қыспақтады; сол
жауыздар, лек-легімен қоршап алды; аяқ-
қолымды түйреп жаралады! Сүйектерімді
шыға алам санап; ал халық тұр маған қадала**

**қарап. Жау жамылғымды бөлісіп алады;
Киімім үшін жеребе салады. (4)**

Осы Дәуіттің дәлме-дәл берілген сипаттамасы, бірақ соған қарамастан оның заманында бұл жаза әлі де іске аспаған болатын. Ол жазаны римдіктер айтарлықтай кейінірек ойлап шығарған, тек Исаның заманында ғана іске асыра бастаған.

- Сонда, сен осы айтылған пайғамбарлық сөздер, тек Мәриям ұлы Исада ғана орындалған демексің ба?-Ахмет қызыға сұрады.

- Иә, тек осы ғана емес, бұдан да басқа көптеген пайғамбарлық сөздер Мәсіхте дәлме-дәл орындалды,- деді Хамит. -Мәсіхтің Өзі де бірнеше рет растап айтқан, Ол осы дүниеге Өз өмірін күнәні өтеу (фида) үшін келгенін. Ол Өзі туралы былай деп айтты:

**Себебі Мен де Құдай тағайындаған Билеуші²
бола тұра, Өзіме қызмет еткізу үшін емес,
Өзім қызмет етіп, көптеген адамдардың
азаттық төлемін өтеп жанымды қию үшін с
осы дүниеге келдім. (5)**

- Ахмед, сен енді байқаған боларсың, құрбандық туралы Жаратқан Иенің ілімі бүкіл Киелі жазбадан өтіп және осының барлығы Мәсіхте қалай орындалғандығы туралы айтылады.

² Иса Өз өзін ұсынған лауазымды атақ

- Хамит, -деді Ахмет, - Мен бұдан бұрын ешқашан естімеппін. Бұл өте қызық екен. Барлығын жақсылап ойлап-саралау үшін, маған уақыт кажет. Мен ойлаймын, келесі жолы тағы бір кездескенімізде, менде оданда көп жаңа сұрақтарым пайда болатын шығар.

- Өтініш, осы Киелі кітап менің саған берген сыйлығым болсын - деді Хамит. - Інжілден бастап оқығаның жөн болар өйткені ол жерде Мәсіхтің өмірі туралы және жасаған керемет істерімен ілімі туралы айтылады.

- Үлкен рахмет, - деп жауап берді Ахмет. - Мен кітап иелері (ахл аль-кітап) туралы бір неше рет естігенмін, бірақ Киелі кітапты өзім ешқашан оқыған емеспін. Ал енді Мәриам ұлы Исаның жасаған кереметімен ілімі туралы білуге деген қызуғышылығым туып тұр.

Күнә

- Хамит,- деп Ахмет ақырын бастады. - екеуіміздің соңғы кездесуімізден бастап, мен Мәсіх туралы көп ойландым, Оның бүкіл адамзаттың күнәсін өтеу үшін Өзін құрбандыққа бергені жайлы. Бірақ бір нәрсені түсінгім келеді, - күнәнің қайдан пайда болғанын? Неге барлық адамның күнәмен мәселесі бар екенін? Сен соны маған түсіндіре аласың ба? - Ахмет байыппен сұрады.

- Түсіндіре аламын, деп ойлаймын,- деді Хамит.

- Күнәнің қайдан келгенін түсіну үшін, алдымен бастапқыға оралуымыз қажет.

Тауратты (Мұсаның бес кітабы) оқығанымызда, Құдай әлем мен адамзатты жаратқаннан кейін, Ол адамды пейіш бағына (жәннат) орналастырды. Пейіш бағында адам кіршіксіз таза және Құдаймен бірге толық үйлесімділікте болатын. Бірақ өзің білгендей, бір жағдайдың кесірінен, пейіш бағындағы өмір құртылды. Ахмет, не болды сонда?

- Шайтан³ келіп барлығын бұзды, - Ахмет жауап берді.

- Дәл солай!- деп дауыстап жіберді Хамит. - Құдай адамға жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жеуге тыйым салған. Ол адамға былай деді:

Құдай Ие адамға бұйрық беріп: «Саған бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болады. Бірақ жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісін жемейсің! Себебі одан жесең, сол күні өлесің», - деді. (1)

Бірақ шайтан жылан кейіпінде келіп Адам ата мен Хауаны азғырды, олар Құдайдың айтқанын тындамай жемісті жеді. Бұл бүкіл адамзатты өлім салдарына әкеп соқты - сол сәттен бастап күнә адамның бойына кіргендіктен, бүкіл адамзат осылайша күнәкар болды.

- Ойпырмай, сонда барлық адамдар күнәкар болғаны ма?- деді Ахмет күмәнданып. - Маған осымен келісу қиын. Қалайша барлығы күнәкар болды?

- Адам жаман мен жақсыны білдіретін жемісті жегенде өзіде дәл сондай болды,- деді Хамит. - Ол жақсылық пен жамандықтың біртүрлі

³ Шайтан -зұлым рухтардың басшысы. Оны тағы Люцифер,ібіліс деп те атайды.

байланысы болып айналып кетті. Бір адам, бір сәтте жақын адамына жақсылық жасаса, ал келесі жолы оған небір өтірік пен арамдық, опасыздық пен жалған нәрсе істеп кете алады. Адам бірде сүйюші мен мейірімді болса, дәл сол уақытта ол - қызғанышқа толы, менменшіл, жек көруші, нәпсіқұмар және басқа да күнәкар касиетке толы адам бола алады.

Сен дұрыс байқағандай, Ахмет, бұл бүкіл адамзатқа қатысты. Барлық дін соны шешуге тырысады. Барлық мемлекет әртүрлі күнәнің шектен тыс шықпауына байланысты заң шығарады. Бірақ ең қорқыныштысы - адам күнә жасағандықтан күнәкар емес, керісінше ол күнәкар болғандықтан күнә жасайды. Ол әр адамның ішінде күнә мен жамандық жасайтын фабрика сияқты. Солай емес пе?- деп сұрады Хамит, Ахметке мұқият қарап.

- Өкінішке қарай, сенімен келісуіме тура келіп тұр, сенің адамды сипаттауың расында сәйкес болып тұр,- деді Ахмет,-бірақ бұл жерде шайтанның не қатысы бар?

- Күнә арқылы шайтан әр адамның өмірі мен бүкіл адамзат қоғамының үстінен билікке ие болды,- деп Хамит жауап берді. - Бір кезде Адам ата мен Хауаны азғырған, ол қазірдің өзінде

адамдарды еліктіруде. Біздің күнәда өмір сүріп қала беруіміз үшін, күнә арқылы шайтан біздің өміріміздің үстінен билігін жүргізеді, өйткені тек күнә бізді Құдайдан ажыратып тұр. Сол күнәнің кесірінен бүгінге дейін әлем өте қорқынышты сұмдық жағдайда тұр.

Құдайдың жаратылысы өте керемет, бірақ соғыс, жәбірлеушілік пен қарым-қатынастың бұзылуынан, адам осы әлемге көп жаманшылық әкелді.

- Сен сонда, шын мәнінде Құдай бізді осындай етіп жаратпағанын айтқың келіп тұр ма, ал бүгінгі әлемнің жағдайы - ол Адам атаның күнәсінің салдарынан ба? -деп Ахмет сұрады.

- Әрине! - деді Хамит бар дауысымен. - Кітапта жазылғандай күнә адамға Адам ата арқылы кірді:

Бұдан шығатын қорытынды мынау: бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады.(2)

Күнәнің ең жаман салдары ол- өлім, өлім тек тәни ғана емес, онымен қоса рухани да.

- Тәни және рухани өлім?- Хамитке таңғалып қарап Ахмет сұрады. - Ал рухани өлім дегеніміз не?

- Құдай адамға айтқандай, егер де жемісті жесең, міндетті түрде «өлесің»,-деді Хамит. - Ал Құдай әділетті және Ол Өз сөзін берік ұстағандықтан, адамзат өлімге ұшырайды. Сол күнен бастап әркім ерте ма, кеш па өліммен кездесетін болды. Адам күнәға батқанда ол тек тәни ғана емес, сонымен қоса рухани да өлді.

- Ол қалай?- деп Ахмет сұрады.

- Күнәнің зардабынан адам пейіш бағынан қуылды,- деді Хамит,- Ол таза, Құдаймен кемелді қарым- қатынаста тұрған жерден қуылып, жұмақтың сыртында өмір сүруге тура келді. Адам өзінің күнәсіна бола Тірі және Киелі Құдайдан ажыраған сәттен бастап, рухани өлді. Осылайша, адамды Құдайдан тек күнә мен жамандық ажыратып тұр. Дәл сол күнәға бола адам енді Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болып өмір сүре алмайды. Құдай киелі және таза болғандықтан, Ол күнәмен бірге ортақтас бола алмайды, сол себептен бізді бүкіл күнәнің салдарынан ⁴ құтқаратын Құтқарушы (Монадж) қажет. Ахмет, сенің бүкіл күнәң жазылып жатқанына сенесің ғой?

Ахмет сәл абыржығандай былай деді:

- Мен білемін, оны әр адамды жетелеп жүрген екі періште жазатынын.

⁴ *Тозақтан дегенді білдіреді*

- Құдай біз туралы бәрін біледі,- деп Хамит жалғастырды,- біздің әр жақсы не жаман іс-әрекетімізді, әрбір сөзіміз бен әр ой-ниетімізді (нейя). Осының бәрі Құдайда жазылған. Сен білесің бе, Ақыр Заман (йом аль-хисаб) күнінде сенің таразыдағы табақшаң қай жаққа түсетінің?

- Жоқ, тек Құдай ғана біледі, - деп ақырын Ахмет жауап берді.

- Құдай сені сүйеді Ахмет. Есіңде болсын, Құдайдың Құрбандық Тоқтысы, Мәриям ұлы Иса, біздің барлық күнәмізді Өз мойнына алды. Барлығына кешірім бар,- деп жай ғана Хамит айтып қалды.

Ахмет біраз ойланып тұрып, былай сұрады:

- Егер Мәсіх соншалықты маңызды болса, онда неге Адам ата мен Хауа ана Ол туралы ештеңе білмеген?

- Ал сен сенер ме едің? Егер мен, олар Мәсіх туралы естіді десем?- деді Хамит.

Жоқ, ол мүмкін емес!- деп саңқ етті Ахмет.

- Құдай адамды сүйгендіктен, онымен қарым-қатынаста болғысы келеді,- деді Хамит. - Сондықтан Ол Мәсіх туралы басынан бастап айта бастады. Адам ата мен Хауаның қасірет үстінде қызып шиеліскен кезеңінде, оларға Құтқарушы туралы уәде берілген, бір күні Оның келіп шайтанның адам үстіндегі билігін тас-талқанын

шығаратыны жайлы. Адам ата мен Хауа, Құдайдың шайтанға айтқан сөздерін естіген:

Әйел екеуінді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. Әйелдің ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың», - деді.(3)

Бүкіл Киелі Кітап бойы балалар әкесінің атымен жазылып келген- Ыбырайым ұлы, Жақыптың ұлы және тағы басқа, бірақ тап осы жағдайда «әйел ұрпағы» жайлы айтылып тұр. Бір күні Біреудің келетіні, Оның жерлік әкесінің болмайтыны және Ол тек әйелдің ғана ұлы болатын адам жайлы айтылып тұр. Сол Ұл шайтанның адам үстінен билейтін билігін қирататын болады, ал шайтан сол уақытта жылан бейнесінде Оның «өкшесін» шағып өлтіруге тырысады.

Осы дәлме-дәл, Мәриям ұлы Исамен болғаны жайлы сипаттауы, Оның бүкіл адамзатты күнәдан ақтап алу үшін Өзін құрбандыққа берген кезі.

- Керемет,- деді Ахмет. - Құдай жер бетіндегі алғашқы адамдарды Мәсіх туралы үйреткен! Бұл тағы да Мәсіхтің Киелі кітаптағы ең маңызды тақырып екенін дәлелдеп тұр. Осында ойланып-толғануға деген біраз нәрсе бар екен!

Ыбырайымның ұлы

- Маған сенің Інжіл туралы не ойлайтының жайлы қызық болып тұр?- деп Хамит, олардың қайтадан кездескен кезінде сұрады.

- Ол шынымен өте керемет Кітап екен, - деді Ахмет шын жүрегімен.- Ешқашан да осындай нәрсені оқымаппын. Ол жерде Мәсіхтің істеген ұлы кереметтерін сондай қаз қалпында және қызықты етіп баяндап берген, ал Оның тау үстіндегі уағызы қандай тамаша. Бұл ілім сондай айқын және терең. Жауларыңды жақсы көріп, қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіндер дегені, Мәсіх бұрыннан келе жатқан барлық тәртіпті «басынан аяғына дейін» түгелдей аударды.

Мен бұрын естігеннен көрі, Мәсіхтің сыйыну туралы ілімі барлығынан ерекше екен. Мойындауға тура келіп тұр, осы Кітап оқығанымда қатты әсер алдым, бірақ мен қаншалықты жауап алсам да, соншалық жаңа сұрақтарым да пайда болды.

- Қызық екен,- деді Хамит күлімсіреп, - онда сені мазалаған бірінші сұрақтан бастайық.

- Қалағаның болсын,- деді Ахмет. - Сонымен: Неге Інжіл шежіреден басталып жазылады -

Ыбырайым атадан басталып, Дәуттен өтіп, Мәсіхке дейін?

Бір сәтке ойланып тұрып, Хамит жауап қайтарды:

- Есіңде ме, біз бастапқыда Киелі кітап туралы сөйлескенімізде - оның біртұтас және бүкіл кітап арқылы бір тақырыптың айтылатыны жайлы сөйлескеніміз?

- Иә, есімде, - деді Ахмет.

- Ол тақырыптың не жайлы екені есіңде ме?

- Мәсіх,- деп жауап берді Ахмет.

- Сенің жауабын осы тақырыппен байланысты, - деді Хамит. - Пайғамбарлық сөзге байланысты, Мәсіх Ыбырайым мен Дәуіттің ұрпағынан келуі тиіс болатын.

Ахмет естігені жайлы біраз уақыт ойланып, кейін былай деді:

- Солай ма? Ал сен пайғамбарлық сөзді нақтылап түсіндіріп бере аласың ба?

Хамит біраз тыныштықты сақтап, әңгімесін жалғастыра бастады:

- Бір күні, осыдан 4000 жыл бұрын Құдай Ыбырайымға бет бұрды, қазір оны Құдайдың досы деп атап кеткен (халил Аллах). Құдай Ыбырайымға (сол кезде оны әлі Ыбырам деп атаған) уәде берген, ол уәденің бүкіл адамзатқа

деген маңыздылығы өте зор. Тауратқа (Мұсаның бес кітабы) қарап оқиық:

Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді:

«Сен еліңді, туған-туысқандарыңды

Және әкеңнің үйін тастап,

Мен өзіңе көрсететін елге көш!

Мен сенен үлкен халықты өрбітіп таратамын,

Сені жарылқаймын әрі атыңды шығарамын.

Сен арқылы ақ батам басқаларға да жететін болады.

Саған ақ батасын бергендерді Мен жарылқаймын,

Ал кім сені жамандап қарғаса, соны Мен қарғаймын.

Сен арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанады». (1)

Ұзақ некеде болсада, бірақ баласы болмаған адамға Құдай үндеу салып Өзіне шақырды. Ол Ыбырайымға уәделі жер беріп,онымен қоса одан ұлы халықты өрбітіп тарататынын және де жарылқап атын шығаратынын жайлы уәде берген. Осы айтылған уәделердің бәрін Құдай бұлжытпай орындады, бірақ ішіндегі ең кереметі, ол Жаратқан Иенің Ыбырайым арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарды жарылқауы. Осы сөздің негізінде Мәсіх жайлы уәде берілген болатын, Ол міндетті

түрде Ыбырайымның ұрпағынан келіп және Құдай тек Ол арқылы бүкіл әлемді жарылқауы тиіс етін.

- Бірақ сен қайдан білесің, осы уәде Мәсіхке қатысты ма, әлде басқа біреуге ма?-деп сұрады Ахмет.

- Тауратты оқыған кезде, бұл айдан анық болып көрініп тұр,- деді Хамит. - Біраз уақыттан соң Ыбырайым екі ұлды болды: біреуі - заңды әйелі Сарадан, оны аты Ысқақ етін, ал екіншісі- Сараның күні Ажардан туылған Ысмағұл еді. Құдай Ысмағұлды жарылқағанымен, Ыбырайымға Ол Ысқақ туылмас бұрын өте анық айтқан, сол Мәсіх туралы берген уәде тек Ысқақ арқылы орындалуға тиіс екенін:

Ал Құдай: « Әйелің Сара саған ұл туып береді, оның атын Ысқақ деп қоясың. Мен Ысқақпен Келісім жасап, оны үрім-бұтағы үшін мәңгілікке бекітемін. Ал сенің Ысмағұл туралы айтқаныңды да орындаймын. Оны жарылқап, үрім-бұтағын молынан көбейтемін. Ысмағұлдан он екі рубасы шығатын болады. Мен одан бір үлкен халықты өрбітіп таратамын. Бірақ Мен Келісімді Сара келесі жылы осы уақытта дүниеге келтіретін Ысқақпен бекітемін, - деп жауап берді».(2)

- Иә, Құдай жарылқаған Ысмағұл араб елінің түп атасы болды, - деді Ахмет. - Бірақ біз

мұсылмандар, Құдай Ысқақ ұрпағынан да көптеген хабаршылар мен пайғамбарларды жібергенін білеміз.

Хамит жалғастыра бастады:

- Ысқақта Есау мен Жақып атты екі ұлы болды. Құдай уәде етілген Мәсіх, тек қана Жақыптың ұрпағынан келетінін нақты көрсеткен жәнede Ол оны Өзі Жақыпқа түс арқылы ашқан:

Соның басында тұрған Жаратқан Ие аян беріп былай деді: «Мен Жаратқан Иемін, атаң Ыбырайым мен әкең Ысқақтың сиынатын Құдайымын. Сен ұйықтап жатқан жерді саған және ұрпақтарыңа беремін. Сенің үрім-бұтағың жер бетіндегі құм түйіршіктеріндей сансыз көп болады. Батыс пен шығысқа, солтүстік пен оңтүстікке тарайсыңдар. Өзің және ұрпақтарың арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарға батам қонады.(3)

- Ең кереметі, Құдайдың Жақыпқа аян бергені. Ол бастапқыда Ыбырайымға берген уәдесіндей, оған дәл солай қайталап айтқан екен, - деді Ахмет.

- Негізінде, бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан Құдайдың берген уәдесі болатын,- деп Хамит жауап берді. - Бірақ өзің көріп тұрғандай, Ахмет, тек Жақыптың ұрпағы арқылы Құдай жер бетіндегі барлық ұлттарды жарылқамақ ойы болды.

- Иә, және менің білуімше, Мәсіх Киелі кітаптің маңызды тақырыбы болмақ,- деп Ахмет күлімсіреп айтты.

- Тап солай, - деп Хамит растады. - Исраилдың үрім бұтағы кеңінен тараған етін. Бірақ мынадай сұрақ туылды, Мәсіхтің қай отбасынан немесе руынан келуге тиіс екеніндігін Құдай аштыма ? Құдай Дәуіт патшаны таңдап алып оған уәде берген. Көптеген пайғамбарлық сөздерде, Құдай Мәсіхті Дәуіттің ұрпағынан келетінін ашық айтқан. Дәуіттен кейін шамамен екі жүз жылдан соң өмір сүрген Ишайя пайғамбар, Есейдің үрім бұтағын кесілген ағашқа теңеген. Дәуіттің әкесінің аты Есей болатын. Ишайя пайғамбардың айтқанындай, осы жанұядан Біреу келеді және Құдайдың Рухы Оның үстінде болады деген. Ол қасірет шеккендерге әділдікті әкеліп, жұмақ тәрізді Патшалығын құрмақ, және сол патшалықта барлығы Құдайды жақыннан танитын болады. Ишайя пағамбардың жазбасында мынадай сөздер бар:

Кесілген ағаштың түбірі мен тамырларынан жас өркен өсіп шығады. Сол сияқты Есей ұлы Дәуіттің патшалық биліктен айырылған әулетінен шығатын бір ұрпақ күндердің күнінде қайтадан патшалық құрады. Осы

патшаға Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады...

Қайта, жарлыларға әділдікпен төрелік айтып, жердің жапа шеккендерінің заңды мүдделерін қорғайды. Оның аузынан шыққан үкімдер осы дүниеге дүре соққан таяқ сияқты: айтқан әмірлерімен зұлымдардың көздерін құртады... Сол заманда Есей ұлы Дәуіт патшаның «тамырынан» өскін іспетті шыққан Ұрпақ халықтарға арнап тігілген ту сияқты белгі болады. Басқа ұлттар Оған бет бұрып, үмітін артады. Оның тынығып демалатын орны салтанатты да құрметті болады.(4)

- Мен дұрыс түсіндім ба, соны көрейік,- деді Ахмет. - Сонда Құдай, Ыбырайым, Ысқақ, Жақып және Дәуіттің ұрпағынан Мәсіхтің келетінін ашық айтқан.

- Дәл солай!- күлімсіреп Хамит жауап берді. - Біз Інжілді оқыған кезде, Мәсіхтің пайғамбарлық сөзге сәйкес дәл туылғанын көреміз. Міне сондықтан, Інжілдің неге шежіреден басталып жазылатыны, себебі Ол бізге Мәсіхтің - Ыбырайыммен Дәуіттің ұрпағынан келетіні жайлы көрсетіп тұрғаны.

- Бұл Киелі кітаптың негізгі тақырыбы -
Мәриямның ұлы Мәсіх екендігінің, тағы бір дәлелі,
- деп Ахмет оның ойын жалғастырып жіберді.

- Бірақ сен білесің бе Хамит, менде тағыда
басқа көптеген жаңа сұрақтар пайда болды. Біздің
келесі кездесуімізді асыға күтемін.

Құдай Тағала бір

- Сен не көріп тұрсың?- Ахмет үш саусағын көтеріп, сұрағын қойды.

- Бір қолдын үш саусағын көріп тұрмын,- Ахметтің не ойы бар екенін онсыз да біліп тұрған Хамит, күлімсіреп жауап берді.

- Хамит,- деп Ахмет жалғастырды,- сен Құдайды біреу немесе үшеу деп санайсыңба?

- Мүмкін сен, менің сенімімнің мәнісін соңына дейін түсінбей тұрған шығарсың?- деді Хамит. - Мен, Құдыретті, Барлығын білетін және Барлық жерде бола алатын - көкпен жерді жаратқан бір Құдайға сенемін.

Сен білесің, менің сенімім Киелі кітапқа негізделген, ал ол Құдай Тағаланын бір екеніне үйретеді және осы шындық Киелі кітаптың көптеген жерінде жазылған.

- Бірақ Құдай Тағала бір уақытта үшеу және біреу бола алмайды, өйткені $1+1+1=3$, ол 1 емес қой, - Өз дегенінде тұрған Ахмет, қайтадан үш саусағын көрсетті,

- Қанша Ахметті сен көз алдыңа елестете аласың, біреу ма әлде екеу ма? -деп Хамит сұрады.

- Әрине біреу, - деді Ахмет.

- Бірақ Құдай сені тән мен жаннан жаратты ғой, - деді Хамит. - Сенің тәнің - бұл Ахмет қой?

- Әрине, -деп Ахмет жауап берді.

- Ал сенің жаның ше - бұл да Ахмет қой?- деп Хамит сұрады.

Хамит жалғастырып:

- Онда Құдай Тағала неге уштік бола алмайды, егер бізді екілік етіп жаратса?

Ахметтің жауабын күтпей Хамит бірден сұрақ қойды:

- Мысалы Құдай Тағала- Өзін үш тұлға ретінде көрсететін бір күрделі бірлік дейік. Онда 1x1x1 қанша болады?

- Бір,- ақырын ғана Ахмет жауап берді. - Бірақ Мәриямның ұлы Иса, - Ол Құдайдың ұлы емес, тек адамғой,- Ахмет Хамитке ұқыптап қарап. - Сен не, Мәсіхті - Құдайдың ұлы деп сенесің ба?

- Ал сен қалай ойлайсың, - мен не нәрсеге сенем?- деді Хамит одан сұрап.

- Ахмет: Менім көзім толық жетіп тұрған жоқ,- деп жауап берді.- Бірақ менім ойымша, сен Құдай Тағаланың Мәрияммен жыныстық қарым-қатынасқа түскеннен кейін, араларында Мәсіх дүниеге келді деп сеніп тұрған сияқтысын.

- Астағфер Алла! (Құдай сақтасын!) - деп Хамит жар салды. - Мен олай мүлдем ойламаймын

және онымен қоса Мәсіхтің сонынан еретіндердің ешқайсысы да осындай нәрсеге сенеді деп айта алмаймын.

Ахмет өзінің таңқалғанын жасыра алмай:

- Сонда сен не нәрсеге сенесің?

- Мен Құдайдың мәңгі және әлем жаратылмас бұрын Оның бар болғанына сенемін,- деп Хамит жауап берді. - Інжіл Мәсіхтің кім екендігін түсіндірген кезде, Оның дүниеге келген кезінен бастап емес, Құдайдың әлемді жаратқан сәтінен бастап, мәңгіліктен түсіндіреді. Інжілде жазылған:

Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді. Сөз әуелден-ақ Құдайда болатын. Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған. Сөз өмірдің бастауы болған. Сол өмір адамзат үшін Нұр еді.(1)

Құдай әлемді Сөз арқылы жаратқан, солай ғой?

- Иә, шын. Құдай болсын! - деп айтқанда! - болды (кун фа якун) - деп Ахмет жауап берді.

- Сөйтіп, Құдай әлемді Өз Сөзі арқылы жаратқан,- деді Хамит,- және Осы сөз Құдайдан шыққан, сол Сөз Құдаймен бірге бір тұтас болғандықтан, Құдайдың жарататын құдіретімен оның бүкіл қасиеттеріне толып тұрған. Енді

Құдайдың сөзінде өмір бар, сол Сөз қайда болса да, Өмір де сонда бар. Осы Сөз қай жақта пайда болсада, барған жеріне өзімен бірге өмірдің әртүрлі тіршілігін алып келеді.

- Ия, келісем, бірақ осы айтылған: «Сөз Құдай болды дегеннің мағынасы не»?- деп сұрады Ахмет.

- Елестетіп көрейік, мысалы мен сотта куәгер болайын. Мені өзімнің сөзімнен ажырату мүмкін емес, өйткені менен шыққан сөз, ол менің кім екенімді көрсетеді және ол менім бір бөлігім болып табылады - деп жауап берді Хамит. Екеуіміз әңгімелесіп тұрғанымызда, біздің де сөздеріміз бізден шыққандықтан, біздің кім екенімізді көрсетіп тұрады. Құдай әлемді жаратқан кезде, Оның айтылған Сөзі, Онымен біртұтас болған. Құдай Тағаланы Өзінің Сөзінен ажырату мүмкін емес. Бұл Құдайдың мәңгі Сөзі, Олар біртұтас болғандықтан Құдайдың бар болмысы Онда бар және осының бәрі кітапта жазылғандай Мәриям ұлы Исада болған:

Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді. Сонда біз Әкенің жалғыз рухани Ұлының асқан ұлылығын көрдік: Ол рақымдылық пен шындыққа толы еді.(2)

Хамит жалғастырып:

- Құдай Өзі туралы айтқанының барлығы, Оның бүкіл қасиеттері Иса Мәсіхте көрінді .

Құдай киелі. Адамдар Мәсіхке қарап, Оның киелілігін көргенде, Олар Мәсіхте шынайы Құдайдың киелілігін көрді.

Құдай сүйіспеншілік. Мәсіхтің сүйіспеншілігін көрген кезде, адамдар Құдайдың сүйіспеншілігін Мәсіхте көрді.

Құдай барлық жерде болушы. Адамдар Мәсіхтің су бетінен жүргенін, қатты дауылға бұйрық беріп оны Өзіне бағындыратынын, бес күлше нанмен бес мың адамды тойдырғанын, соқырлардың көзін ашып, өлгендерді тірілкенін көрген кезде, олар Исада Құдайдың билігін, құдыретін және даңқын көрді.

- Бірақ қалайша Құдай барлық жерде болушы болып тұрып, Өзін бір адаммен ғана шектеп қойған?- деді Ахмет өз сөзінде тұрып алып. - Сонда қалай, Құдай басқарып тұрған бүкіл әлемді тастап, Мәсіх бейнесінде адам болып келгені ма?

- Ахмет,- деді Хамит, - егер де біз шегі жоқ мұхиттің ішінен бір кесе суды алып оны зерттесек, онда біз сол шыныдағы судың құрамы дәл мұхиттағы сумен бір екендігін көрер едік. Иса Мәсіхпен де дәл солай. Мәңгі, Құдыретті Күшті

Құдай барлық жерде. Сонымен қоса, Ол сол уақытта Өзінің бар құдіретті күшін Мәсіхте ашып көрсетті. Бірақ Құдай Өзін Мәсіхте ашқан кезде, Ол Онымен шектеліп қалған жоқ. Ол бәрібір барлық жерде болушы болып қала берді.

- Бірақ Құдай адам бола алмайды ғой,- деді Ахмет.

- Қалайша біз Құдайды шектей аламыз?- деп сұрады Хамит. - Сонда біз Құдыретті Күшті Құдайдың қолынан «еш нәрсе келмейді» деп айта аламыз ба? Ол барлық нәрсені істей алады ғой, солай емес па?

- Иә, әрине, Ол бәрін істей алады,- деп Ахмет жауап берді. - Бірақ мен Оның адам болып келгеніне сене алмай тұрмын.

- Жақсы бұл бірауыздан екеумізге ғана қазір мәселе болып тұр, бірақ Құдайға емес, өйткені Ол Өзі қалағанның бәрін істей алады,- деді Хамит. Егер Құдайдың Мұсамен жанып тұрған бұта арқылы сөйлегенін білсең, осыған сен айтар едің?

Ахмет біраз ойланып тұрып өз өзіне күлді - өйткені ол Құдайдың бұтадан гөрі, адам бейнесінде келуі мүлдем қиын емес екенін түсінді.

Хамит жалғастырып:

- Ахмет ойланып көрші: «Құдайдың Сөзі» және де «Құдайдың Рухы» (Каллимаат Аллах ва

Рух Аллах) деп атайтынымыз шын мәнінде кім?
Киелі Рух - Құдай Тағаламен бір.

Біз білеміз Құдайдың Рухы Мәриямға қонған кезде ол құрсақ көтерді, ал кейінірек оған Жәбірейіл періште айтқандай ол Мәсіхті дүниеге алып келеді:

Періште оған былай деп жауап берді:

- Саған Киелі Рух қонып Құдай Тағала сая түсіргендей Өзінің құдіретін дарытады. Сондықтан да сен табатын Киелі Бала «Құдайдың рухани Ұлы» деп аталмақ.(3)

Сұрақтың мәнісі мынада, сонда дүниеге осылай келген Ол кім болмақ?

Ахмет егер де сен Мәсіхтің заманында дәрігер болғаныңда, онда Оның атын туылу куәлігіне сен не деп жазар едің?

- Мүмкін мен «Мәриямның ұлы Иса» деп жазар едім,- деді Ахмет.

- Ал анасының атын ше?- деп сұрады Хамит.

- Мәриям,- деп қайталады Ахмет.

- Ал енді әкесінің атын,- Хамит күлімсіреп сұрады.

- Оның әкесі болған жоқ қой, - Ахмет те күлімсіреп оған жауап берді.

- Әрине, осы бағанда, Оның жерлік әкесі болмағандықтан біз тек сызық қояр едік, - деді

Хамит. - Бірақ біз мүмкін өзімізден сұрар едік: Ол қайдан келген? «Құдайдың Сөзі» және «Құдайдың Рухы» деп атайтын Оның шығу тегі қайдан? Ол шын мәнінде кім? Ол Өзі айтқандай:

Себебі көктен түсіп, адамзатқа өмір Беруші - «Құдайдың наны», - деп жауап қайтарды.

Сонда Иса оларға былай деді:

- Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейді! (4)

Көктен түскен «тірі нан» Менмін. Одан «жеген» әркім мәңгілік өмірге ие болады. Бұл «нан» - Менің денем, оны адамзат шынайы өмірге ие болсын деп құрбан етемін.(5)

Ахмет, Ол осы дүниеге Өзін бүкіл адамзат үшін тәнін құрбандыққа беру үшін келген. Дененің өсіп өмір сүруі үшін, адамдар кәдімгі нанды қажет етеді. Ал кімде кім көктен түскен Құдайдың нанынан нәр татса, ол мәңгілік рухани өмірге ие болады. Мәсікке сеніп Онымен тығыз қарым-қатынаста болатын әркім - мәңгілік өмірмен қоса, ішкі жан-дүниесіндегі аштық пен шөлдеркеуін тойдыратын болады- яғни Құдайға деген шөлдеркеуін. Мен өзім осыны бастан кештім! Мәсіх- бұл сен үшін Құдайдың беретін құрбандығы, Ахмет.

- Мен әлі бұған дайын емеспін,- деп ақырын ғана Ахмет жауап берді. - Менім басымда әлі де көптеген әртүрлі ойлар бар. Мен сенің Құдайға деген сенімің туралы мүлдем бұрыс ойлағаным көзім жетті. Мен ақырында, енді ғана түсініп келем, сенің бір Құдай Тағалаға сенетініңді және Оның Мәсіх арқылы келгенін. Сен білесің ғой менің Мәсіхті сүйетінімді, бірақ мені мазалап жауапты талап ететін әлі де көптеген сұрақтарым бар. Осыны келесі жолы талқылайықшы Хамит!

Құдай және адам

- Мен осы күнге дейін екеуіміздің соңғы әңгімеміз жайлы ойланып келем - деді Ахмет. - Алдымен сен, Мәриям ұлы Исаны,- адам дедің, ал кейін - Құдай Өзін Ол арқылы көрсетті дедің.

Сонда Ол шын мәнінде кім болғаны? Мүмкін сендер өздерің Мәсіхті Құдайдың Ұлы етіп жасап қойдыңдар, бірақ шын мәнінде Ол тек қана жәй Мәриямның ұлы шығар?

- Осы сұрақтың жауабын сен білесің Ахмет,- деп Хамит сөзін бастады - Құдаймен бірге болатын жұмақтың кілті, осы жерде де, мәңгілікте де. Егер де біз жәй адамды Құдай етіп алсақ, онда біз «ширк» (біреуді Құдайға теңеу) болар едік, бірақ Киелі Кітапта айтылғандай адам Құдай болып емес, керісінше Құдай, адам бейнесінде көрініп келді.

Біз бәріміз Мәсіхтің адам болып туылғанына келісеміз. Пайғамбарлық сөздерге қарайтын болсақ, Ол- Ыбырайым мен Дәуіттің ұрпағынан келген Мәриямның ұлы. Бірақ Мәсіх туылмай жатып, көптеген жылдар бұрын айтылып кеткен пайғамбарлық сөздерге қарасақ, Құдай Өзінің Мәсіх бейнесінде адам болып дүниеге келетіні жайлы айтқан болатын.

- Сонда сен, Иса Мәсіхтің елшілері және Исадан бұрын келген пайғамбарлар, Құдайдың Исада ашылатыны туралы уйреткен деп айтқың келіп тұрма? - деді таңғалған Ахмет.

- Бүкіл Киелі Кітаптың негізгі тақырыбы ол - Мәсіх, сондықтан да Құдайдың Мәсіх туралы пайғамбарларға ашқан шындығына таңқалудың қажеті жоқ! - деді Хамит.

- Маған сол Жазбалардың қай жерлерінде осы туралы жазылғанын көрсетші, - деп өтінді Ахмет.

Хамит бір мезетке ойланып тұрдыда, кейін былай деді:

- Құдай біздің заманымызға дейін осыдан 700 жыл бұрын Миха пайғамбар арқылы Мәсіхтің Бетлехем қаласында дүниеге келетінін айтқан, сонымен қоса Ол туылмас бұрын бар болғанын да ашық айтқан.

Ал сен, Ефрата аймағындағы Бетлехем, Яһуданың әулеттерінің арасындағы маңызсызы болсаң да, сенен Менің халқым Исраилге басшылық ететін Көсем шығады. Оның шыққан тегі ежелгі заманнан, мәңгіліктен.(1)

Мәсіх шынымен де Інжілде жазылғандай Бетлехем қаласында дүниеге келген:

Жүсіп те Ғалилеядағы Назарет қаласынан жолға шығып, Дәуіт патшаның туған қаласына, Яһудея аймағындағы Бетлехемге, тізімге тіркелуге барды. Себебі Жүсіп Дәуіттің әулеті мен руынан шыққан еді. Аяғы ауыр әйелі Мәриям оған еріп жүрді. Олар Бетлехемде болғанда Мәриямның босанатын уақыты жетіп, тұңғыш Ұлын тапты. Оны құндақтап, қорадағы шөп салатын ақырға жатқызды. Себебі қонақүйде оларға орын болмады.(2)

Қайтадан Ол кім деген сұрақ туылады,- әлем жаратылмас бұрын бар болған Ол кім? Исаның Өзіне қарсы шыққан діншіл яһудейлермен Иерусалимде (Аль-Кодс) сөйлескен кезінде былай деген етін:

Түп аталарың Ыбырайым Менің дүниеге келетін күнімді көретініне шаттанды; ол сол күнді көріп, қуанды да. - Әлгі діншіл яһудилер:

- Сен әлі елуге де келген жоқсың, Ыбырайымды көрдім дейсің бе? - деді.

Иса оларға былай жауап берді:

- Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Ыбырайым тумастан бұрын да (Мәңгі) Бар Болушы Менмін!(3)

Біз Ыбырайымның шамамен 2000 жыл бұрын біздің заманымызға дейін өмір сүргенін білеміз.

- Сонда Мәсіх Өзінің туылмас бұрын бар болғанын растап айтып тұр екен ғой,- деді Ахмет.
- Бірақ пайғамбарлық сөздің қай жерінде Құдай Өзін Мәсіх бейнесінде ашатыны туралы жазылған?

- Бұл Киелі Кітаптың көптеген жерінде жазылған,- деді Хамит. - Ишайя пайғамбар Мәриямның ұлы Исаның өскен жерінен Кім шығатыны жайлы айтып кеткен. Ол мәңгілік патшалықты орнататын болады, және оның ең маңызды ерекшелігі ол сол жерде Құдаймен бірге татулықта болуы. Ол Дәуіттің ұрпағынан болып, сол патшалықтың тағында мәңгі Өзі отыратын болады. Ишайя пайғамбар Мәсіхтің кім екенін және Оның атын әртүрлі есімдермен сипаттап береді:

Себебі Сәби дүниеге келді, Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!

Билік Оның қолында қала береді: Ол «Керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке, Тыныштықты сыйлайтын әмірші» деп те аталатын болады.

Оның құрған билігі арта түсіп, орнатқан тыныштығы шексіз болады,Өзі Дәуіттің тағына отырып, Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды, Әділдікпен нығайтып, жалғастырып, Ақиқатты да ұстанатын болады. Барлық қайрат-жігерімен бұларды Әлемнің Иесі іске асырады!(4)

Біз білеміз, егер Құдай біреуге қандай да бір есім берсе, ол сол адамның кім екенін сипаттап бергені. Сонымен: Керемет ақылды Кеңесші, Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке, Тыныштықты сыйлайтын әмірші - деп аталатындай, Ол кім шын мәнінде?

- Менімше, мен пайғамбарлар Оның туылмас бұрын көрсетіп кеткен Мәсіхтің бейнесін, енді ғана көз алдымда елестетіп келе жатқан сияқтымын,- деді Ахмет. - Бірақ шынымен Құдайдың Өзі жаратып берген әлеміне, Өзінің келетіні жайлы әңгіме болып тұр ма?

- Закәрияның ұлы Жақия, Мәсіхтің замандасы болған,- деді Хамит. - Ол осы әлемге адамдардың жүрегін Мәсіхтің келуіне жол дайындауға Құдайдан жіберілген етін, сол адамдар тәубесіне келіп Оған сенім арту үшін. Адамдар Жақиядан, сен кімсің және сені Құдай не үшін жіберген - деп сұраған кезінде Ол жауап ретінде Ишайя пайғамбардың 40-шы тарауынан үзінді келтірген етін, онда былай деп жазылған:

**Жар салған дауыс шығады айдалада:
«Жаратқан Иеге жолды дайындаңдар!
Құдайымызға арнап иен далада, түзу қылып
даңғыл жолды салыңдар!**

**Жолдағы сай-салалар толтырылсын, әрі тау-төбелер аласартылсын,
Бұралаң жерлері де түзетілсін, Ой-қырлары да түгелдей тегістелсін!
Сонда Мәңгі Жаратқан Иенің ұлылығы. Бар адамзатқа көрінетін болады, (Оның өз халқын құтқарып алғанын).Барлығы да ап-анық көре алады. Себебі Жаратқан Иенің Өзі, Осы бұйрықтарды шығарған еді».(5)**

Ишайя пайғамбар ұлы патшаның келе жатқанына байланысты Оған иен далада жолдың түзетіліп және тегістелуі жайлы сипаттап берген. Ахмет, бірақ осы Патша кім?

- Пайғамбардың айтуы бойынша, бұл біз табынып келген Мәңгі Жаратқан Ие,- деді ойшаң жауаппен Ахмет.

- Енді сурет айқындалып келе жатқан сияқты,- деді Хамит жалғастырып, - біз осы тарауды ары қарай жалғастырып оқитын болсақ, ол жерде былай деп жазылған:

**- Ей, жақсы хабарды Сион халқына жеткізуші, биік тау басына шық! Иерусалимге ізгі хабарды әкелуші, бар даусыңмен айқай салып жарияла! Қорықпай Яһуданың қалаларына: «Міне, Құдайларың!» деп хабарла!
Біліп алындар, Жаратушы Тәңір Ие жуырда зор құдіретімен келіп, билікті өз қолына алады. Жеңісінің олжасы мен сыйы Оның**

қасында: азат еткен халқы алдында жүреді. Тәңір Ие оларды ізгі шопандай бағады: «қозыларын» қолына алып, кеудесіне басып көтеріп, «саулықтарын» жайлап алға бастап жүреді. (6)

Мәсіх расында да барлық сенушілерге Бағушы ретінде келген. Ол Өзі туралы былай деп айтқан:

Мен «ізгі Бағушымын»: ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды. (7)

Бірақ, Ахмет, пайғамбардың сөзі бойынша Бағушы боп келетін, ол шын мәнінде кім?

Пайғамбардың айтқан сөзінен қатты әсер алған Ахмет:

- Менің мойындауыма тура келіп тұр, өйткені ол Жаратқан Иенің дәл Өзі туралы айтып тұр,- деп жауап берді.

Хамит жалғастырып:

- Сен өзің түсінгеніңдей, Ахмет, Мәсіх жайлы айтылған пайғамбарлық сөздердің барлығы, Мәриямның ұлы Исада орындалған.

Мәсіх келмес бұрын, Жәбірейіл періште Зақәрияға келіп: ол Жақия пайғамбардың әкесі болатыны жайлы және оның ұлының болашақта неге шақырылатыны туралы сөз айтты:

Ол Жаратқан Иенің алдында мәртебелі болып, шарап, сыра атаулыдан аулақ жүретін болады. Ана кұрсағында жатқанда-ақ ол Киелі Рухқа кенеледі. Жақия исраилдіктердің көбін өздерінің Құдайы - Жаратқан Иеге қайтадан келтіреді. Ілияс и пайғамбарға дарыған Құдайдың Рухы мен күшіне ол да бөленіп, Иеміздің алдынан жүретін болады. Әкелерді балаларымен татуластырып, қыңыр мінезділерді әділ жандардың тура жолына бет бұрғызады. Осылайша ол халықты Иеміздің келуіне әзірлейді.(8)

- Ахмет, Інжілге байланысты, Жақия пайғамбар кімге алдын ала жол дайындау керек еді?

- Олардың Құдайы, Жаратқан Иеге,- деді Ахмет.

- Жақия пайғамбар туылған кезде,- жалғастырды Хамит,- Закәрия өзінің жаңа туылған ұлы жайлы мынандай пайғамбарлық сөз айтқан етін:

Балам, сен осылай Құдай Тағаланың, Пайғамбары деп аталатын боласың, дайындауға Иеміздің жүрер жолын:Өзінің таңдаған халқын құтқарып, күнәсін кешіретінін хабарлап, Оның алдынан жүретін боласың:

**Мейірімді рақымымен Құдайымыздың,
Шұғылалы Таң, міне, атып келеді! (9)**

Енді сен түсінесің, Ахмет, - Ишайя Пайғамбардың, Жәбірейіл періште мен Зәкарияның айтуы бойынша, Жақия Пайғамбар Мәңгіден бұрын келуі тиіс етін, ал оның соңынан келетін, - ол Жаратқан Құдайдың Өзі.

- Иә, мен түсініп және ұғып келе жатырмын, осының бәрі Мәсіх келген кезде шынымен расталып орындалғанын, - деді байсалдықпен Ахмет жауап берді.

- Иә, бұнымен қоса барлық ұсақ-түйегіне шейін,- деді Хамит. - Мәриям Мәсіхті Дәуіттің қаласы Бетлехемде дүниеге алып келген кезінде, далада түнеп, малдарын күзетіп жатқан бірнеше малшыға Құдайдың періштесі көрініп, былай деді:

**Ал періште оларға тіл қатып: «Қорықпандар!
Мен сендерге үлкен қуаныш жариялаймын,
ол қуаныш барлық халыққа да ортақ: бүгін
Дәуіттің қаласында сендердің
Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол - Иеміз
Мәсіх! (10)**

Мәсіхтің- Жаратқан Иенің Өзі екендігін, Інжілде қайта-қайта растап айтады. Ол Өзі айтқандай:

Әкем Екеуіміз біртұтаспыз.(11)

Мен Мәриям ұлы Исаны басынан бастап-ақ өте жақсы көріп, сыйлаған етінмін,- деді Ахмет. - Бірақ мен тек қазір ғана Мәсіхтің шын мәнінде кім екені және Оның осы әлемге не үшін келгендігін түсіндім. Сенің маған осының бәрін түсіндіріп, уақытыңды бөлгеніңе шын жүректен алғысымды айтам, Хамит.

- Ахмет,- байсалдылықпен Хамит айтты,- Мәсіхке сену арқылы Жаратқан Ие саған барлық күнәларыңа кешірім мен мәңгілік өмір бергісі келеді.

Өлімнен қайта тіріліп және өлімді жеңген Мәсіх былай деген:

Ал Иса оған:

- Қайта тірілу мен шынайы өмір - Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады. Осылай өмір сүріп, Маған сенген әрбір адам ешқашан да рухани өлмейді. Бұған сенесің бе? - деді.(12)

Ахмет, Құдайдың саған Мәсіхке сену арқылы бергісі келетін сыйын қабылдағың келеді ма?

- Иә, Ол дәл қазір менің жүрегімнің есігін қағып тұрған секілді,- деді, көзі жасқа толған Ахмет. - Мен қалай Құдайдың сыйын қабылдай аламын?

- Бұл қиын емес,- деді Хамит. - Құдайға өз сөзіңмен сиын.- Тәубеге келіп Оған барлығын айт-өйткені Құдай бәрібір де біз туралы барлығын біледі. Мәсіхтің сен үшін берген құрбандығы арқылы кешірімге ие бол. Құдай Өзінің Рухымен сенің өміріңе келіп, Мәсіхтің соңынан еруші және Оның шәкірті болуың үшін мінәжат ет. Исаның атымен сиын. Ол, Өзінің құрбандығының арқасында Көктегі Әке мен сенің араңда дәнекер болды.

Сен Мәсіхті Құдайдың сыйы ретінде қабылдаған сәтінен бастап, сенің өміріңе керемет өзгеріс келеді. Інжіл, сен көктен туыласын деп уйретеді. Сен Құдайдан жаңа өмір алып және Құдаймен Мәсіх арқылы жаңа қарым - қатынасқа ие боласын. Құдай сенің Әкең болып, ал сен - Оның ұлы болмақсың, Мәсіхті қабылдаған әркім, Інжілде жазылғандай:

Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті.(13)

Олар мінәжаттарын аяқтап, бірге Құдайға алғыс айтқаннан соң, Хамит қатты қуанып былай деді:

- Біздің жанұямызға қош келдің! Енді біз Мәсіх арқылы - Құдайдың үлкен отбасындағы бауырлар болдық.

- Саған қалай алғыс айтарымды да білмей тұрмын!- деді қуанышында шегі жоқ Ахмет.

- Құдайға алғыс айт, және де есінде болсын - осыны күнделікті жаса,- деп жауап берді Хамит. - Иса Мәсіхтің ілімін ұстанып өмір сүретін адамдармен қарым-қатынасты ізде. Мәсіх шәкірттерін үйреткендей енді сен де осы мінәжатпен сиына аласың:

Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіп сиыныңдар:

Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін,

Патшалығың осында орнасын! д

Сенің еркің көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!

Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр.

Бізге күнә жасағандарды кешіргеніміздей,

Сен де күнәларымызды кешіре гөр.

Азғырылуымызға жол бермей,

Бізді жамандықтан сақтай гөр.

(Патшалық, күдірет және ұлылық

Мәңгі бақи Сенікі! Аумин.) (14)

Қосымша

Киелі Кітаптан алынған аяттар

Құрбандық тоқтысы

- (1) Рим.6:23
- (2) Жохан.1:29
- (3) Аян.3:20

Құдайдың құрбандығы

- (1) 1Тим.2:5-6
- (2) Евр.9:22
- (3) Ишайя.53:4-7
- (4) Зәбүр.21:15-19
- (5) Марқа.10:45

Күнә

- (1) Жар.баст.2:16-17
- (2) Рим.5:12
- (3) Жар.баст.3:15

Ыбырайымның ұлы

- (1) Жар.баст.12:1-3
- (2) Жар.баст.17:19-21
- (3) Жар.баст.28:13-14
- (4) Ишайя.11:1-2,4,10

Құдай Тағала бір

- (1) Жохан.1:1-4
- (2) Жохан.1:14
- (3) Лұқа.1:35
- (4) Жохан.6:33,35
- (5) Жохан.6:51

Құдай және адам

- (1) Миха.5:2
- (2) Лұқа.2:4-7
- (3) Жохан.8:56-58
- (4) Ишайя.9:6-7
- (5) Ишайя.40:3-5
- (6) Ишайя.40:9-11
- (7) Жохан.10:11
- (8) Лұқа.1:15-17
- (9) Лұқа.1:76-78
- (10) Лұқа.2:10-11
- (11) Жохан.10:30
- (12) Жохан.11:25,26
- (13) Жохан.1:12
- (14) Матай.6:9-13